

ХАТТАМА № 5

2024 жылғы 26 қаңтар

Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
мектеп психолог, сынып жетекшілер,
ӘБ жетекшілері.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар жиналысының жүргізілуі
2. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру
3. Бастауыш класс бойынша оқшылықтармен жұмыстардың жай-күйі
4. Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру
5. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы

1. **1-ші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева сөз сөйледі:** Биылғы жылы өткізілетін ата-аналар жиналысының ерекшелігін айтып өтті. Мектепте ата-аналар жиналысын өткізу мәселесі өзекті. Себебі, ата-аналардың жиналысқа қатысуы, тіпті мұғаліммен, сынып жетекшісімен кездесіп, баласы жайлы сөйлесуге де ата-ананың уақыт таппай жатуы үлкен мәселе. Бала тәрбиесінде ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру мәселесінде сынып жетекшілері тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруда, соның ішінде жаңа форматтағы ата-аналар жиналыстарын өткізуде, заманауи әдіс тәсілдерді, ұлттық құндылықтарды тиімді қолдана білуі тиіс. Ата-аналар жиналысы – оқушылардың оқу жетістіктерін көрсету және талқылау, сондай-ақ білім беру ортасын жақсарту мақсатында мектеп ұйымдастыратын ресми іс-шара. Сонымен қатар, сыныптың және мектептің ата-аналар жиналыстары: - сыныптың/мектептің ата-аналар комитетін сайлайды; - жалпы орта білім беру ұйымының ата-аналар қоғамдастығымен өзара іс қимылына қатысты Жарғысымен және басқа да құжаттарымен танысып, оларға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды; - мектептердегі оқу-тәрбие қызметінің негізгі бағыттарын зерттейді, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді; - оқу процесінің мазмұнына, әдістері мен формаларына, мектептің педагогикалық қызметін жоспарлауға қатысты сұрақтарды тыңдайды; - тұрмыстық жағдайы нашар отбасылармен жұмыс істеуде мұғалімдерге көмек көрсету мәселелерін шешеді; - мектепте/сыныпта педагогикалық процесті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді; - білім беру ұйымында (сыныпта) ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірлескен іс-шараларды, яғни ата-аналар жиналыстарын, ата-аналар клубтарын, ашық есік күндерін және т.б. іс-әрекеттерді жоспарлауға қатысады; - білім алушылармен бірге бос уақытты өткізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жоспарын жасауға қатысады;

Ата-аналар жиналыстарының бірнеше түрлерімен таныстырды: - ұйымдастырушылық және қорытынды жиналыстар; - нұсқаулық: білім беру ұйымының ережелерімен таныстыруға және оларды орындауға бағытталған жиналыстар; - тақырыптық: қатысушылардың көпшілігінің мүддесін қозғайтын нақты тақырыпқа арналған жиналыстар. Ата-аналар жиналысы сынып жетекшісінің жоспарына сәйкес оқу жылында 4-5 рет өткізіледі. Ата-аналар жиналысының тақырыбын сынып жетекшісі өздігінен таңдай алады, сонымен қатар алға қойған мақсаттарға жету үшін оны дұрыс дайындап, жүргізу керек. Жиналыс ережелерін қатаң сақтау, яғни өткізілу ұзақтығы 1.5 сағаттан аспауын қадағалау. Ата-аналар

жиналысын өткізу мектептің тәрбие жұмысында, ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығында қажетті, негізгі қарым-қатынастың түрі. Сынып жетекшісі, психолог ата-аналар жиналысында тәрбие мәселелерін шешуде көмек көрсете алады. Ата-аналар жиналысы – ата-аналар үшін педагогикалық ақпарат көзі. Мектепте әкімшілік, сынып жетекшілері ата-аналардың сұранысын талқылайды және тұжырымдайды, жиналыстың күтілетін нәтижелерінің нақты көрсеткіштерін айқындайды. 2023 жылдың 2-ші жарты жылдығындағы жұмыс жоспарларымен таныстырды.

2-ші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі К.Ашимханов сөз алды:

Үлгерімі немесе уәжі төмен оқушыларға төмендегідей анықтама беріледі: олар баяу әрекет етеді, жалпы сыныпқа ілесе алмайды. ...Егер осыларды есепке алмасак, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді, сыныптастарынан қалып қояды. Бұл оқушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс. Осы жолда ұстазға қойылатын талап-үлгерімі төмен оқушының сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын ояту, жоспарларды құрып, сол бойынша тақырыпты меңгерту. Оқушылардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары мұғалімнен көп уақытты, ынта-жігерді қажет етеді. Мектеп балаға жалпы білім берін қана қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, оқыту, талдау жасауға үйрету, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушы меңгеретін тақырыптың қиындығын сезінгенде ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ғана оқушы тақырыпты толық меңгереді. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

Қазіргі кезде оқушыларды толық, жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған деп айта аламыз. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес. Бұндай жағдайда қол қусырып қарап отырмай, оның алдын алу қажеттігі анық. Сыныптағы сабақ үлгерімі төмен деп саналатын оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы белгілі дәрежедегі нәтижеге қол жеткізуге болады.

Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды. Сабақ үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің негізгі бағыттарын төмендегідей шартты түрге бөліп қарастырамыз.

Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау: педагогикадағы түрлі әдіс- тәсілдер арқылы, мұғалімнің күнделікті бақылауы арқылы.

Оқушы үлгерімінің төмен болу себебін анықтау: ата- ана, мектеп психологі және медбикесімен бірлескен жұмыс нәтижесі.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру.

Жоспар негізінде жүйелі жұмыс атқару.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты:

Оқушылардың артта қалуын, нашар оқуын болдырмау; Үлгермеушіліктің алдын- алу; «Әр оқушы- жеке тұлға» қағидаты бойынша, барлық оқушының өз дәрежесінде дамуын қалыптастыру; Барлық оқушының бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету. Оқушы үлгерімінің төмен болуына ықпал ететін басты факторлар: баланың дене кемістіктерінің болуы; ақыл-ой дамуының әлсіздігі;

сабаққа жүйелі дұрыс қатыспау; белгілі бір пәнге деген қызығушылығының болмауы; оқудағы бақылаусыздық; үй тапсырмасын жүйелі орындамау және оны қажет деңгейінде тексерудің болмауы; оқудағы қиындықтарды жеңе білмеу, яғни ерік-жігерінің әлсіздігі;

2-ші тоқсанда пән мұғалімдерінің атқарған жоспары тексеріліп, нәтижесінде білім сапасының екі пайызға өсті. Алдағы тоқсанда бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

3-ші мәселе бойынша оқу тәрбие ісі меңгерушісі Д.Унұспаева сөз алды: Бастауыш класс бойынша оқшылықтармен жұмыстардың жай-күйі. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек.

Сол себепті, білім көзі бастауыштан басталады деген қағидамен бастауыш сынып оқушыларының арасындағы үлгерімі төмен оқушылармен қалай жұмыс жасау керектігіне тоқталғым келеді.

Нашар оқушылардың кемшіліктері төмендегідей:

мәтінді оқығанда әріп, буын немесе сөз қалдырып оқу; кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу. Мұндай кемшілігі бар оқушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар жазылған қима қағаздар берілу керек. Бұндай жұмыс оқушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері: Мақсаты-пән бойынша қажырлы, жүйелі жұмыс барысында оқушыларда жалпы және нақты ақыл-ой әрекеттерінің әдістерін қалыптастыру.

Сабақтан тыс жұмыс жүйесін, оқушыларға қосымша білім беру жүйесін құру.

Сыныптан тыс жұмыстардың топтық және жеке түрлерін дамыту.

Тақырыпқа деген терең, тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

Қорытынды:

Әрине, білімінде олқылықтары бар оқушыларға оқу қиын, бірақ қиын жұмысты жеңу бәріне белгілі. Сондықтан, оқу жылы артта қалған кезде, оқушылар әдетте жеңілістерімен байланысты жеңістерін еске алады. Өз жұмысында оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюдың әртүрлі формаларын қолдана отырып, балалар оқуға белгілі бір қызығушылық тудырады, олардың жұмыс қабілеттілігі мен оқу деңгейі артады деген қорытынды жасай аламын. Әрине, әр мұғалім жоғарыда айтылғандардың барлығын өз тәжірибесіне қолдана алады, білімдегі олқылықтар кінә емес, көптеген оқушылардың проблемасы екенін есте ұстаған жөн, және біздің міндетіміз-балаларға білімде ақ дақтардың болмауын түсінуге көмектесу. Қосымша сабақтар желісін кеңейту, Оқуға құштар мектеп жобасы аясында оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыру. Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. Математика сабағында кестені жаттату, алу, қосу амалдарын сапалы меңгерту.

4. **Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру туралы Д.Унұспаева:** Әдістемелік жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру бірінші кезекте. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде оның өзі жоспарлаған жеке жұмысын және білім жетілдіру мекемелерінде білімін көтеру жұмыстарын үйлестіріп ұйымдастыруды ескерудің, әр білім мекемесінің өзіндік озат тәжірибесін әдістемелік қызмет көрсету арқылы дамытудың маңызы зор. Жаңа оқу жылына байланысты әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары жасалынды. Мектептегі 4 бірлестікте жыл бойы 1 апталықтан, 1 әдістемелік күннен белгіленді. Мектепішілік 2 семинар-кеңес, аудандық 1 семинар кеңес жоспарланды. Семинар-кеңес «Дамыта оқыту арқылы оқушылардың ойлау қабілетін арттыру», «Мектепалды даярлық топтарының оқу тәрбие процесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану», «Үлгерімі төмен деңгейдегі оқушылардың білім сапасын арттыру тәсілдері» тақырыбында семинар өткізу керек. Шығармашылық жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында шығармашылық топтың жұмысы үнемі бақылауға алынған.

5. **Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тағаева:** Жарма ауданы ИБ-нің қызметкерлері және мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, жастар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында беймезгіл уақытта заңды өкілсіз жүруін анықтау барысында түнгі рейдтер жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған жастардың түнгі 23:00 ден кейін заңды өкілсіз көшеде немесе ойын сауық орталықтарында жүруі бойынша тексеру. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өршіп тұруы, ата-ананың қарауынсыз қалуы, тәлім – тәрбие мәселелерін қолға алу және келеңсіз жағдайлардың алдын алу.

Сонымен қатар іс-шара барысында жастар мен жасөспірімдерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жаңа баптары 127-бап ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларға тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы, 441-бап

жекелеген қоғамдық орында темекі шегуге тиым салуды бұзу, 442-бап кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуға тыйым салынатындығы жайлы ескертілді.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 5 адам бар. Кеңес төрағасы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Полицияға Жәрдемдесу Жедел Тобы» құрылды. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде **спорттық үйірмелер** жұмыс істеп, оған **оқушы** тартылып отыр. Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі **мектептен тыс** оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы

Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. Ата-аналар жиналысының жүргізілуі жаңа талаптарға сәйкес өткізілсін.
2. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыруда әлі де қосымша сабақтар өткізіліп, ата аналардың жауапкершілігі арттырылсын.
3. Бастауыш класс бойынша оққылықтармен жұмыстардың жай-күйі толығымен зерделеніп, оқу, жазу сауаттылығы бойынша сайыстар ұйымдастырылсын.
4. Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында шығармашылық жұмыстар, семинар кеңестер ұйымдастырылып, зерттеуші педагогтер толығымен қамтылсын.
5. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты қанағаттанарлық деп есептеп, әрі қарай іс шаралар қатаң бақылансын.

Төраға

Байғалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А.О.